



## Қазақстан: Автомобиль жолдарын ұстау тұрақтылығын қамтамасыз ету жобасы

Жобаның атауы	Автомобиль жолдарын ұстау тұрақтылығын қамтамасыз ету жобасы	
Жобаның нөмірі	48399-003	
Елі	Қазақстан	
Жобаның мәртебесі	Белсенді	
Жобаның түрі /Көмек көрсету әдісі	Техникалық көмек	
Қаржыландыру көзі / Сомасы	<b>ТП 9134-KAZ: Автомобиль жолдарын ұстау тұрақтылығын қамтамасыз ету жобасы</b>	
	Техникалық көмектің арнайы қоры	1,22 млн АҚШ долл.
Стратегиялық күн тәртібі	Инклюзивтік экономикалық өсім	
Өзгерістер факторлары	Әлеуетті басқару және дамыту Білімі негізіндегі шешімдер Серіктестік қарым-қатынастар Жеке секторды дамыту	
Сектор / Субсектор	<b>Көлік</b> – Автомобиль көлігі (қалалық емес)	
Гендерлік теңдік және гендердік проблематиканы есепке алу	Гендерлік элементтер жоқ	
Сипаттама	Қазақстан Үкіметі АДБ-ға нәтижеге бағытталған жолды ұстау жүйесін енгізуге көмек сұрап жүгінді. Жолдарды ұстауды басқарудың қолда бар жүйесі жол инфрақұрылымының жай-күйін өлшеудің жүйелік процесін, оның диагностикасы мен ұзақ мерзімді негізде оны ұстаумен байланысты болашақ шығыстарын болжауды көздемейді. Атқарушы агенттіктің (АА) нәтижеге бағытталған автомобиль жолдарын ұстауға келісім-шарттарды дайындаудағы және енгізудегі бұған дейінгі	

тәжірибесі жоқ. Жобаны дайындауды және АА-ға келісім-шартты тағайындау кезеңіне дейін конкурстық саудаларды өткізуде ықпал жасауды қамтамасыз ету үшін Жобаны дайындаудағы техникалық көмек (ЖДТК) ұсынылады.

Жобаның негіздемесі және елдік/өңірлік стратегиямен оның байланысы

Қазақстан теңізге шығар жолы жоқ және жолдары сауда және жылжу үшін маңызы зор мемлекет болып табылады. Осы жай-күйді есепке алып, Қазақстан үкіметі бірқатар стратегиялық саясаттар мен жоспарларды қабылдады, онда мықты көліктік қызметтер ұлттық қауіпсіздікке, экономикалық өсуге және әртараптануға, сондай-ақ әлеуметтік дамуға ықпал ететін басты элементтердің бірі ретінде анықталады. 2014 жылғы қарашада Қазақстан Президенті «Нұрлы Жол» жаңа экономикалық саясатын ұсынды, оған сәйкес көліктік инфрақұрылымды дамыту үкіметтің алдыңғы қатарлы міндеттерінің бірі болып табылады. Кейін үкімет 2014-2018 жылдарға стратегиялық жоспар қабылдап, оған сәйкес автомобиль жолдарын ұстау секторында шешілуі тиіс негізгі проблемалардың бірі жолдарды ұстау бойынша аяқталмаған жұмыстар, жолдарды қайта құруға жоғары капиталдық шығындар және т.б. болып табылады. «Қазақстан-2050» стратегиясы негізінде дайындалған 2020 жылға дейінгі ҚР көліктік инфрақұрылымын дамыту бойынша мемлекеттік бағдарлама 2017 жылға дейін «мінсіз» және автомобиль жолдарын ұстау секторында автомобиль жолдарын ұстау нәтижесіне бағытталған келісім-шарттар жүйесін енгізу қажеттігін білдіреді. Қазақстан Үкіметі институционалдық және нормативтік реформаларды комбинациялау және осы секторды одан әрі ырықтандыру арқылы жол-көліктік қызметтерді дамытуға ниетті.

Қазақстанда республикалық мақсаттағы жолдарды дамыту және ұстау саласындағы иелік ету, басқару және нормативтік реттеу құрылымдары сараланған. Автомобиль жолдарын ұстаудың қолданыстағы жүйесі мен практикасы шығындарды инновациялау, оңтайландыру және қысқарту, мемлекеттік бюджеттің жолдарды ұстауға шығыстарының тиімділігін арттыру үшін ешқандай ынталандыруды көздемейді. Автомобиль жолдарын ұстауды жоспарлау республикалық мақсаттағы осы жолда қамтамасыз етілуі тиіс қызмет көрсету сапасының қандай да бір бұған дейін белгіленген ең аз деңгейсіз жұмсалатын ресурстар мен визуалды кескін негізінде қысқа кезеңге жүзеге асырылады. Нәтижесінде ұстау бойынша жұмыс циклынан шыққан активтері қанағаттанарлықсыз және қауіпсіз емес жағдайға ұшыраған республикалық мақсаттағы жолдардың сапасы нашарлады.

2013 жылғы ақпанда үкімет автомобиль жолдарын басқару бойынша ұлттық оператор – мемлекет қаржыландыратын орта мерзімді және күрделі жөндеу бойынша жұмыстарды сатып алу мен бақылауға жауапты «ҚазАвтоЖол» акционерлік қоғамын құрды. «Қазақавтожол»

республикалық мемлекеттік кәсіпорны жолдарды ұстауға және оған ағымды жөндеу жүргізуге жауапты. 2014 жылы Көлік және коммуникациялар министрлігінің құқықтық мұрагері ретінде Инвестициялар және даму министрлігі (ИДМ) құрылды. ИДМ шеңберінде жол саласын басқаруды Автомобиль жолдары комитеті (АЖК) жүзеге асырады. ҚазАвтоЖол және Қазақавтожол АЖК-ға бағынысты.

АЖК Азия даму банкіне (АДБ) автомобиль жолдарын ұстау секторында нәтижеге бағытталған жолдарды ұстауға келісім-шарттар жүйесін енгізуде көмек көрсетуге өтінішпен жүгінген. Жоба АДБ «Стратегия 2020» орта мерзімді шолуында анықталған стратегиялық басымдылықпен келісіледі. Ол сонымен қатар, ел кірісі орташа деңгейлі елдер қатарына кірген кезеңде Қазақстанның дамуының күн тәртібі үшін білімді дамыту, алдыңғы қатарлы практикамен, сондай-ақ жеке секторды дамыту тәжірибесімен алмасу бойынша инновациялық өнімдердің қосымша құнын таниды және ынталандырады.

---

Әрекет ету

---

#### **Жобаның соңғы нәтижесі**

Соңғы нәтиженің сипаттамасы

---

Соңғы нәтижеге қолжеткізу барысы

---

#### **Іске асыру барысы**

Жобаның практикалық нәтижелерінің сипаттамасы

---

Жобаның іске асырылу барысы (практикалық нәтижелер, іс-шаралар және проблемалық мәселелер)

---

Географиялық орналасқан жері

---

#### **Экологиялық және әлеуметтік аспектілер туралы жинақтық ақпарат**

Экологиялық аспектілер

---

Мәжбүрлі көшу

---

Тұрғылықты халық

---

**Коммуникация, қатысу және мүдделі тараптарға консультация беру**

---

Жобаны әзірлеу барысында	Жобаны дайындау барысында жұртшылықпен консультация өткізіледі. Жобаның негізгі мүдделі тараптары ҚазАвтоЖол, Қазақавтодор, ел үкіметі, жол-құрылыс компаниялары және жергілікті қоғамдастық болып табылады. Әлеуетті бенефициарлар автомобиль жолдарын пайдаланушылар, оның ішінде жергілікті және/немесе транзиттік көлік құралдарының жүргізушілері және көліктік операторлар, сондай-ақ жергілікті тұрғындар болып табылады.
Жобаны іске асыру барысында	Жұртшылықпен консультациялар да жобаны іске асыру барысында жүргізіледі.

### Бизнес үшін мүмкіндіктер

Консультациялық қызметтер	АДБ займы есебінен қаржыландырылатын барлық консультациялық қызметтерді сатып алу АДБ-ның консультанттарды пайдалануы бойынша нұсқаулығына (2013 жылғы нұсқа, кезең кезеңмен енгізілген өзгерістермен) сәйкес жүзеге асырылатын болады.
Сатып алулар	АДБ займы есебінен қаржыландырылатын нәтижеге бағытталған жолды ұстауға келісім-шартты сатып алу АДБ-ның сатып алулар бойынша нұсқаулығына (2015 жылғы нұсқа, кезең кезеңмен енгізілген өзгерістермен) сәйкес жүзеге асырылатын болады. Жоба бойынша сатып алулар жоспары ЖДТК іске асыру барысында пысықталатын болады.  Келісім-шарттың жаңа нысанына қатысты пайдалануды болжайтындықтан сатып алулармен байланысты тәуекелге қатысты А санатына жатады.

### Жауапты қызметкерлер

АДБ жауапты қызметкері	Нарендра Сингру (Narendra Singru)
АДБ жауапты департаменті	Орта және Батыс Азия департаменті (ОБАД)
АДБ жауапты бөлімі	Көлік және коммуникациялар басқармасы, ОБАД
Атқарушы агенттіктер	<b>"ҚазАвтоЖол" ҰК» АҚ</b> Амман көш., 8, "Милано" бизнес-орталығы

### Уақытша кесте

Жоба тұжырымтамасын бекіту	-
Деректер жинау	-
Басқару мәселелері бойынша шолу жиналысы	-

Мақұлдау	2016 жылғы 14 шілде
Соңғы шолу миссиясы	-
Жоба паспортының соңғы жаңартылуы	2016 жылғы 22 қыркүйек

ТА 9134-KAZ

### Бақылау кезеңдері

Мақұлдау	Қол қойылған күн	Күшіне енген күн	Жабылуы		
			Алғашқы	Қайта қаралғаны	Нақтысы
2016 жылғы 14 шілде	2016 жылғы 05 тамыз	2016 жылғы 05 тамыз	2017 жылғы 30 қыркүйек	-	-

### Қаржыландыру жоспары/Техникалық көмекті пайдалану

### Игерілген барлық қаражат

АДБ	Бірлесе қаржыландыру	Серіктестер				Барлығы	Күні	Сомасы
		Үкімет	Бенефиц иарлары	Жобаның демеушісі	Басқалар			
1 220 000,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	1 220 000,00	2016 жылғы 14 шілде	8 591,85

Жоба паспорты жоба немесе бағдарлама туралы жинақтық ақпаратты қамтиды. Жоба паспортында іске асырылу барысы көрсетілгендіктен, оның бастапқы нұсқасында олардың қолжетімділігіне қарай қосылатын кейбір мәліметтер болмауы мүмкін. Ұсынылатын жобалар туралы ақпарат алдын ала және бағдарлаушы болып табылады.

АДБ осы жобаның паспортында қамтылған ақпаратты кез келген түрдегі кепілдемесіз өз пайдаланушылары үшін тек ресурс ретінде ұсынады. АДБ мазмұнының жоғары сапасын қамтамасыз етуге тырысса да, бұл ақпарат басқалардан бөлек, коммерциялық табыс кепілдемесін, нақты мақсат үшін жарамдылығын, сондай-ақ құқықтарды бұзбауды қоса алғанда, анық немесе ойдағы қандай да бір кепілдемесіз «сол тұрған қалпында» ұсынылады. Атап айтқанда, АДБ мұндай ақпараттың нақтылығына немесе толықтығына қатысты қандай да бір кепілдеме немесе сенім бермейді.